

ӘОЖ 340.114.5

**ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ**

С.Б.Бейсебаева, Б.Ү.Құлжанов  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Біздің елімізде жүргізілген терең экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани, хабар және басқа да қайта құрулар, қоғамдық сана мен қоғамдық қатынастарды түбірімен өзгертті, әсіресе оның түрлерінің бірі ретінде құқықтық сананы айтуға болады.

Қазіргі жағдайда оның рөлі барлық қатынастарда күшейтілуі тиіс, өйткені құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құрудың маңызды шарты болып табылады.

Құқықтық мәдениеттің жоғарғы дәрежелі көрсеткіші нақты айтқанда, бұл ғана емес, тек әрекет етіп отырған нормативтік құқықтық актілерді білу ғана емес (немесе олардың мәтінін жақсылап жасау емес), қаншалықты құқықтың бағасы құқықтық шындық ретінде, жалпы адамзаттық идеалының көрінісі, әділеттіктің, теңдіктің, бостандықтың және гуманизмнің идеялары мен принциптеріне, сонымен бірге заңның әріпі мен рухына міндетті түрде дәл жүру болып табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 2001ж. қаңтарда көпшілікпен кездесуінде Қазақстандық ұлттық идеяның негізгі принциптеріне түсініктеме беріп, оның негізгі құрамдарының бірі ретінде қазақстандықтарда заңды тыңдаушылықты тәрбиелеу немесе заң біздің мемлекетіміздің негізі деп көрсетті.

Жеке адамның құқықтық мәдениетіне әсер ететін жағымды және жағымсыз сана түрлері бөлініп шығады. Жағымды жағы - ұлттық мемлекеттік сана, кәсіптік сана, жеке сана, гуманистік сана. Жағымсыз түрлері - қылмыстық сана, кәсібін жоғалтқан сана, гуманизмге қарсы сана, ұлтқа қарсы сана.

Құқықтық мәдениетті әділ түрде қарастыру жеке адамның құқықтық мәдениетіне байланысты проблемалардан тыс қарау мүмкін емес. Құқықтық мәдениеттің жалпы концепциясының түбірі болып табылатын, жеке адамның құқықтық дамуының дәрежесі мен сипатын толық түрде бейнелейтін, оның құқықтық дәрежесі, оның қызметінің бағыты. Сондықтан, осы категориялар өзара байланысты, олар бірін-бірі анықтайды және нақтылайды.

Жеке адамның құқықтық мәдениетінің қалыптасу процесі жан-жақтылығымен, құрамындағылардың жиынтығының көптілігімен, сандық және сапалық, объективті және субъективті факторлардың арақатынасының әртүрлілігімен, оның көрінісінің түрлері және даму динамикасының көптүрлілігімен бейнеленіледі. Жеке адамның құқықтық мәдениеті туралы мәселе – бұл, мәні бойынша, құқық саласындағы адамның мінез-құлқы туралы мәселе. Құқықтық мәдениет – жеке адамның күрделі кешенді құрылымы, құқықтық мазмұнға ие, көптеген жағдайдағы оның әрекеттері мен қылықтарының жағымды бағытын анықтаушы.

Жеке адамның құқықтық мәдениетінің мінез-құлқы жағы тікелей, жеке адамның құқықтық санасы типінің рухани- құқықтық, идеологиялық, психологиялық берілгендікке тиісті тікелей байланысты, не болмаса құқық субъектісінің анықталған оның құқықтық қондырмасының, көзқарастарының идеяларының, сезімімен, сонымен бірге санасының әрекеті. Осы мәнде жеке адамның құқықтық мәдениеті құқықтық сана мазмұнының өзіне тән маңыздылығын көрсетеді.

Заң әдебиеттерде жеке адамның құқықтық мәдениеті дамуы анықтаушы фактор ретінде сана асты мәселелері қарастырылмайды. Осыған байланысты жеке адамның құқықтық санасының және құқық саласындағы оның мінез-құлқына және ең соңында жеке адамның құқықтық мәдениетінің қалыптасуында әсер ететін басты рөлдегі сана астының әртүрлі топтарын бөліп көрсету ұсынылады [1].

Дара (жеке) сана асты өзінің «Мен-эго» түсінуге негізделген қоғамда тұратын өзіне ұқсас өзін Homo sapiens – санының ішіндегі ешкім ретіндегі индивидуумды түсіну. Осыған байланысты жеке адамның сана асты өзін тәрбиелейді және өз бетімен білім алады. Осы сана асты қаншалықты дамыған болуға тиіс, яғни мынадай минимумға дейін, соншалықты адам әрекет етіп отырған қоғамға сай этникалық, құқықтық және мәдени нормаларды білу, сыйлау және сақтау жағдайында болу керек.

Отбасы және мектеп, мемлекет толық жеке тұлғаның даралығын дамытуға тек көмектесуі қажет, бірақ барлық жауапкершілік осы сана түрінің бар болуы және дәрежесі 3-4 жаста пайда болып және адамның барлық саналы өмірінің кезеңдеріне созылады, жалпы бәрі бір барлық нәрсе өзіне байланысты. Жеке сананың жоғарғы даму дәрежесі нақты индивидтің жеке тұлға, интеллигент, яғни адам болып қалыптасуын тануды білдіреді, яғни көпшілік мақұлдаған жалпы адамзаттық құндылықтардың негізінде мәдениетті жасайтын, дамытатын және тарқататын, бір мезгілде шыдамсыздық көрсетіп және белгілі әулиелермен күрес жүргізеді.

Кәсіптік сана, қандай да болсын кәсіпке ие, жеке адам ретінде өзін тануға негізделген. Жеке тұлғаның өзін жетілдіруге ұмтылуы, өзінің кәсіптік мамандығын жетілдіруге, сол мамандықты дамытуға түрткі болады. Әсіресе бұл, құқыққа қызмет етуге бейімделген адамдар

ретінде заңгерлерге байланысты ұлттық мемлекеттік сана - «азаматтық бойынша ұлтқа» негізделген қандай да бір халыққа (этносқа, ұлтқа) тән.

Осы сана арқылы көрінуін азаматтық патриотизм деп атау қабылданған, олардың аумағында біртұтас ішкі нарықты экономикалық байланыстарды нығайту мақсатында, бірдей тілде, біртұтас жалпы көпшілік үшін мінез-құлық мәдениетін, біртұтас құндылықты иерархияны пайдалана отырып, әртүрлі тайпалардың, түрлі ұлттар мен халықтардың қауым болып қалыптасу процесінде адамдардың тарихи этникалық қауымдастығының бір бөлігі ретінде ұғынуы. Осы күшке байланысты әрбір ұлттың негізінде ұлттық-идеялық (ұлттар кең мағынада) әлеуметтік-саяси, адамгершілік-құндылық, мәдени мінез-құлық, тілдік және экономикалық бірлік. Сол қауымдағы өзін-өзі ұйымдастырудың жоғарғы түрі ретінде, біртұтас мемлекеттің жалпы аумағында формалды бекітілген бірлестік жатыр.

Осыдан шығатын нәрсе, ұлттар – бұл өзіндік санасы бар, мемлекет деп аталатын үлкен бір қоғамдық ұйымға ұйымдасқан, өзінің ұйымдасқан басқару жүйесі, өз қорғанысы, өзінің салт-дәстүрлері, құндылықтары, қондырмасы, тарихы, ұлттық мүддесі мен мақсаты бар жақсы ұйымдасқан азаматтардың біртұтас социумы.

Гуманистік сана антропоцентризмге, өзінің жалпы адамзатқа және сонымен бірге қазіргі өмір сүріп отырған ұрпаққа жатуына негізделген.

Осы сана арқылы жеке адам өзінің жалғыз планетарлық бірлестіктің мүшесі екенін, біртұтас ретіндегі жердегі адамзат өркениеттілігіне, қалыптасқан жағдайлардың күші байланысты тұрып жатқан жекеше алынған Жер планетасының және оның дамып жатқан иносфералық кеңістігінің дамыған жағы екенін сезінуі.

Адамдағы осы сананың көмегімен балалық шақта «жақсы» мен «жаманды» ажыратуға мүмкіндік беретін сезім қалыптасады. Сананың даму бағытының ноосферасын және негасферасын ажыратуға байланысты болады.

Ауытқыған мінез-құлқы бар, құқыққа қарсы жеке тұлғаларға келетін болсақ, мұнда сонымен бірге бірнеше сананың топтарын бөліп көрсетуге болады [2].

Криминалданған сана бұзылған немесе дамымаған жеке сана болып табылады. Бұл көбінесе дұрыс емес тәрбие мен білім берудің салдары немесе олардың болмауы, нәтижесінде ішінара немесе толық индивидуумының демократизациялануы жүреді (мұнда саналылықтың элементтері жойылады, және бұл уақытта мынадай жағымсыз сипаттар пайда болады, өтірік айту, қорқақтық, арсыздық, қызғаншақтық, демагогия, залалдық, көргенсіздік, күндеушілік және т.б.). Мұндай индивид адамдар ортасының этникалық нормаларын сақтауға қабілетсіз болады, одан мәдениет белгілерін табу қиын. Мұның нашар жағынан көрінуі – бұл сұрқиялық, бұзақылық, алаяқтық, зиянкестік, ұрлық, қорқытып алушылық, тонау, бандитизм, зорлық көрсету, сонынан, қорлық көрсетуге, ұруға, аманатқа алуға немесе тек аңды емес, адамды да өлтіруге, жару құрылымдарын жасауға және жаруға немесе сымтетік арқылы жалған хабар беруге қабілеттілігі.

Бұған корпоративті-бұрмаланған сананы да жатқызуға болады, бұған еңбек етуге зауқы жоқ, пайдалы мамандықты игеруге, өзінің кәсіптік білімін толтыруға, шеберлігін дамытуға қабілетсіз өзінің еңбегіне деген қайғырудың болмауы, өзінің ұжымын жіктеуі, селкостық, ұқыпсыздық, жауапкершіліксіз және т. б. Корпаративті-бұрмаланған сананың нашар нұскасы қоғамға қарсы мәндегі туыстық топ пен басқа топтарды құруға алып келеді, олардың қызметі (пайдақорлық) қоғамның, ұлттың, мемлекеттің мүддесіне қарсы бағытталған және қоғам үшін салдары бар өзімен қаратушылық алып келеді.

Ұлтқа қарсы сана-патриотизм (сүйіспеншілік) сезімінің, өзінің Отанына берілгендік сезімінің барынша жоғалуы.

Осындай түрдегі «азаматтар» олардың құқықтары үлкен дәрежеде міндеттерінен басым болады және олардың барлық белсенділігі, өздерінің құқықтарын кеңейтуге құрылады.

Олар - Отан алдындағы парызын, өздерінің азаматтық міндеттерін анағұрлым естен шығарады.

Осының нәтижесінде азаматтар арасында сатқындар, мемлекет мүддесіне зиян келтірушілердің пайда болуына алып келеді, яғни оның жақсаруына және дамуына біреу тікелей немесе жанама әдіспен кері әсер етеді, өз мемлекетін сыртқы жау күштердің мүддесіне әлсіретеді және бұзады. Осындай Отанын сатқанды білдіретін қызметі үшін барлық

мемлекеттерде осындай индивидтерге жоғары жаза шаралары қарастырылған. Бұған дендеологизирленген сананы да жатқызуға болады, қандай да бір саяси мүдденің болмауы (аполитичности), мемлекеттегі және дүние жүзіндегі болып жатқан оқиғаларға қатыспауы, айналадағы болып жатқан барлық нәрсеге инфанталды-тоғышарлық қатынас, саяси партиялардың үгіттеуіндегі идеялар мен принциптерде айыра алмауы, қандай да бір позитивті қоғамдық саяси ұйымға араласуды қаламауы немесе керісінше, қоғамның дамуы үшін сірә залалды қолдауы және т.б. Гуманизмге қарсы сана адамның жағымсыз әрекетінің жоғарғы формасын білдіреді. Адамзатқа қарсы қылмыс ретінде сипатталатын, оның әрекеттерінде көрінуі. Бұған бұқаралық жою қаруын қолдану қаупі мен жасауды, жердегі бірегей адамзаттық өркениетті жоюға, алып келетін, химикаттарды, бактериялар мен ауруды ойлап табу және тарқату жатады. Әбден мүмкін, кез-келген сананың даму дәрежесі, жағымды, сондай-ақ жағымсыз жағы, әрбір индивидте анағұрлым әртүрлі – толық болмаудан белсенді түріне дейін, оның қылығынан, оның байымдауынан, өмір түрінен және мінез-құлық мәдениетінен көрінеді.

Құқықтық мәдениет қоғам өмірінің барлық кешенді жағдайында қалыптасады, жеке адамды және әртүрлі құқықтық жағдайларда адекватты бағытты алу көрсетіледі.

Жеке адамның құқықтық мәдениеті – бұл бәрінен бұрын, өзінің қоғамдық маңызды қызметінде оның құқыққа ие болу дәрежесі. Мұндай жағдайда ие болу деген мағына адамның қандай да бір адамның меңгеруі ретінде түсіндіріледі, және де меңгергенде қайта қарау және оны қоғамдық тәжірибеде іске асыру. Жеке адамның құқықтық мәдениеті құқықты білуден және оның қажеттілігіне және әділеттікке сенімділігі, сонымен бірге нормативті акті талаптарына бағынушылықтың интеллектуалды және эмоционалды дайындығы, соншалықты ол өзінде адамгершілікті және құқықты жинақтайды. Біздің көзқарасымыз бойынша жеке адамның құқықтық мәдениеті заңды сыйлауда, сондай-ақ заңды сын көзбен, өзгертуші өнегелі түрде ұғынуы, сонынан жалпы адамзаттық құндылықтардан жеке тұлғаның табиғи құқықтары мен бостандықтарынан көрінеді. Мұнан жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің қиындығын түсінеміз. Бір жағынан бұл құқыққа позитивті жағымды қатынас, оның құндылықтарын тануы, ал екіншіден оны сын көзбен ұғынуы.

Жеке адамның құқықтық мәдениетінің қалыптасуы туралы А.С.Ибраева былай дейді – «Формирование правовой культуры личности можно условно разделить на два периода - период становления и период стабильной правовой культуры» [3].

Осы кезеңдер өзінің сандық және сапалық сипатымен ажыратылады. Жеке адамның құқықтық мәдениетін қалыптасу кезеңінің бастамасы құқықтық мәдениеттің қалыптасуының потенциалды кезеңі. Ол құқықтық мәдениеттің қалыптасу процесінің объективті және субъективті алғышарттары жинақталуынан біртіндеп құрылады, олардың ішіндегі шешушісі сол оғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, заң шығарудың сапалық жағдайы және де мемлекеттегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының іске асыруының кепілдік проблемалары, адамдардың, олардың топтарының және старттардың мемлекеттік- құқықтық құбылыстарға саналы және санасыз қатынастары. Осы жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің қалыптасу кезеңінде көп ғасырлық дәстүрлерден қабылдап алған, ұлттық мәдениетте бекітілген жалпы құқықтық мәдениеттің процесі жүреді. «Высокий уровень правовой культуры личности проявляется в значительной развитости ее политической и правовой сознательности и означает высокую степень овладения личностью правовыми знаниями, позволяющими ей не только безоговорочно уважать нормы права, но и критически, творчески относиться к ним»- А.С.Ибраева деп атап кетті [4].

Жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің қалыптасу кезеңі құқықтық реттеу саласындағы, оның белсенді қызметінің қабілеттілігінен көрінетін, жеке тұлғаның құқықтық ортадағы әлеуметтік- құқықтық сапасының мәнінің әсер ету процесінің қалыптасуымен сипатталады. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық мәдениеттің даму дәрежесін көрсететін жоғарғы саты ретінде көрінеді. Жеке тұлғаның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін ажырата білу қажет. Бұл құқықтанудың бірден бір негізгі ұғымдарының бірі, оны қолданусыз құқықтық теорияны құруға және шынайы түрде құқықтық шындықты көрсетуге болмайды. «Только с узконормативистских позиций можно проводить прямую зависимость между нормами права, с

одной стороны, и поведением личности – с другой, на чем основывались многие схемы “механизма действия права” в юридической литературе» [5].

Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті жеке тұлғаның құқықтық санасымен тығыз байланысты. Бұл құбылыстың екеуі де құқықты сипаттайды. Жеке тұлғаның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің айырмашылығы мынада, біріншісі әрекет етіп отырған негізгі құқықты көрсетсе, сол кезде соңғысы тек әрекет етіп отырған құқықты ғана емес және құқықтық тәжірибенің дамуына ықпал етеді. Осы мәселеде біздің қоғамның қайта құру күші ретінде жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті туралы айтуға болады. Бұл қатынаста жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті - құқықтық санаға қарағанда анағұрлым кең және толық сапалы құбылыс.

Жеке құқықтық сананың қалыптасуы «внутри субъективности, а опосредовано реальным жизнедеятельным обособлением и включением индивида в жизнедеятельность... Основой формирования индивидуальных форм субъективности являются реальные жизненные отношения личности, а не их внутренний генезис»-деп көрсетеді [6].

Құқықтық мәдениетке ие бола отырып, жеке тұлға құқықты, құқықтық құбылыстарды біліп және түсініп қоймай, жалпы адамзаттың құқықтық құндылықтар көзқарасында бағалайды. Бұл баға жеке тұлғаға өз құқықтары мен міндеттерін тәжірибеде іске асыруға көмектеседі. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениетін, біз оның құқықтық санасының дамуынан, әлеуметтік-белсенді құқықтық мінез-құлқының көрінісіндегі құқықтық қызметінің дамуынан және оның қажетті және әрекет етуші құқығының бейнеленуінен түсінеміз. Жеке тұлғаның жоғары құқықтық мәдениеті дәрежесі оның саяси және құқықтық саналықтың анағұрлым дамығандығынан көрінеді және құқық нормаларын тек сөзсіз орындауға және де оған сын көзбен, творчестволық қарауға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның жоғары дәрежеде құқықтық білімді меңгеруін білдіреді.

#### Әдебиет

- 1 Куркин Б.А. Противоречия “рационализированной” культуры в философской антропологии А. Гелена // Вопросы философии.-1982.-№ 1.-С. 139.
- 2 Сорокин П.А. Главные тенденции нашего времени (1964).-М., 1997.- С. 16,61.
- 3 Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики.-Алматы, 2002. – С.130.
- 4 Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики.-Алматы, 2002. – С.133.
- 5 Туманов В.А. О юридическом нигилизме // Пульс реформ. Юристы и политологи размышляют. -М.: Прогресс, 1989.-С.143.
- 6 Абульханова-Славская К. А. Деятельность и психология личности.-М.: Наука, 1960. –С.124.

#### Резюме

Объектом исследования являются формирование правовой культуры личности и факторы, влияющие на ее формирование. Общая правовая культура есть динамичная категория, ее развитие и изменение зависят от изменений общественных отношений. Повышение правовой культуры молодежи есть основа построения в Республике Казахстан правового государства.

#### Summary

Object of research is the formation the right of consciousness of the person and factors influencing on his formation. Common legal culture is the dynamic category, its development and alteration depends on public relations. The increasing of legal culture of youth is the basis of formation of legal state in the Republic of Kazakhstan